

XX ғасыр басындағы Зайсан аймағы қоғамдық-саяси қайшылықтар кезеңінде

DOI: 10.31551/2410-2725-2019-5-1-90-99

Оспанова Рыскуль

тарих ғылымдарының кандидат, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің доценті, Алматы, Қазақстан. E-mail: ablai_angel@mail.ru

Аңдатпа. XX ғасыр басындағы саяси оқиғалар барысында Зайсан аймағының тарихында біршама оқиғалар орын алды. Соның ішінде бірінші орыс революциясы Зайсан жұмысшыларының саяси оянуына, жұмысшылар мүдделерінің тоғысуына оң ықпал етті. Ал империялық өкімет тарапынан жұмысшылар мен кедейлердің талаптары қанағатсыз, тек талаптар ретінде қалып отырған. Оған өлкеде әлеуметтік-экономикалық қатынастың өліздігі және жұмысшы табының аздығы себеп болды. Бірақ аймақтағы халықтың отарлық саясатқа қарсы бас көтере алатындығы дәлелденді. Мақалада Зайсан аймағындағы XX ғасыр басындағы саяси толқулардан бастап, 1916 жылғы көтеріліс кезеңіндегі аймақтағы тарихи оқиғалар баяндалады. Өлкеде XX ғ. басында қазақ елінің басқа аймақтарындағы сияқты саяси-әлеуметтік қайшылықтарды басынан өткізді. XX ғ. басында кен орындарында жұмысшылар шерулері мен толқулары болды. 1916 жылғы оқиғаға байланысты Мүрсәлім бастаған және “солдаттар бүлігі” деген толқулар аймақты қамтыған. Онымен қатар өлкедегі жер дауы да шешімін таппаған мәселенің біріне айналды. Халық өкілі Әбзанидің Кендірлік жер дауын шешу туралы тартыстары патша үкіметінің отарлық, бодандық саясатына қарсылықтың бір көрнісі.

Түйінді сөздер: Зайсан; империялық саясат; уезд; революция; болыс; шерулер, толқулар; солдаттар бүлігі.

Zaisan region at the beginning of the XX century in the years of social-political contradiction

Ospanova Riskul

Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of KazNPU named after Abai, Almaty, Kazakhstan. E-mail: ablai_angel@mail.ru

Abstract. During political contradictions at the beginning of the 20th century, many events occurred in the Zaisan region. Namely, the first Russian revolution had a positive effect on the interests of the workers in a political awakening from Zaisan. And the demands of the workers and the poor on the part of the imperial government were unsatisfactory, remained ordinary demands. This was due to the weak socio-economic situation in the region and the low working class. But it has been proven that people in the region can stand up to colonial politics. The article describes the events in the region from political upheavals in the early twentieth century to the uprising of 1916 in the Zaisan region. At the beginning of the twentieth century in the region, as in other parts of the Kazakh land, it underwent political and social contradictions.

At the beginning of the twentieth century there were strikes and unrest in the region. The 1916 incidents were triggered by a wave led by Murselim and the Soldiers Rising. In addition, land dispute in the region has become a problem. The conflict of the people's representative Abzani to settle the land dispute is a manifestation of opposition to the colonial policy of the tsarist government.

Keywords: Zaisan; imperial politics; county; revolution; great upheavals; marches; unrest; soldier riot.

Зайсанский регион начале XX века в годы общественно-политического противоречия

Оспанова Рыскуль

кандидат исторических наук, доцент КазНПУ имени Абая. Алматы, Казахстан. E-mail: ablai_angel@mail.ru

Аннотация. Во время политических противоречий в начале XX -го века Зайсанском районе произошло много событий. А именно, первая русская революция положительно повлияла на интересы рабочих в политическом пробуждении из Зайсана. И требования рабочих и бедных со стороны имперского правительства являлись неудовлетворительными, оставались обычными требованиями. Это было связано со слабой социально-экономической ситуацией в регионе и

низким рабочим классом. Но было доказано, что люди в регионе могут противостоять колониальной политике.

В статье описываются события в регионе от политических потрясений в начале XX века до восстания 1916 года в Зайсанском регионе. В начале XX века в регионе, как и в других частях казахской земли, он претерпел политические и социальные противоречия.

В начале XX века в регионе были забастовки и волнения. Инциденты 1916 года были вызваны волной во главе с Мурсалимом и «Восстанием солдат». Кроме того, земельный спор в регионе стал проблемой. Конфликт народного представителя Абзани по урегулированию земельного спора является проявлением возражения против колониальной политики царского правительства.

Ключевые слова: Зайсан; имперская политика; уезд; революция; большие потрясения; марши; волнения; бунт солдат.

ӘӨЖ/УДК 974:19

XX ғасыр басындағы Зайсан аймағы қоғамдық-саяси қайшылықтар кезеңінде

Р.Р. Оспанова

Кіріспе. Бүгінгі дүние жүзі таныған дербес Қазақстан мемлекетінде Зайсанды білмейтіндер кемде-кем шығар. Зайсан – өзіндік тарихы бар шежірелі қала. Зайсан дегенде айдын шалқар көлмен, кең байтақ Қазақстанның күн шығысында көмкеріп тұрған әсем қала ойға оралып, көзге елестейді. Зайсанға ат басын тіремеген қазақтың игі жақсылары, батыр, билері, төрелері, ақын қаламгерлері кемде-кем. Қазақты былай қойып Европа, Азияның, әсіресе Ресейдің ғұламалары бұл өңірді шарлап, зерттеп, адамзат қастерлеген көне тарих беттеріне өшпестей етіп жазып кеткен. Мақаланың басты мақсаты аталған өңірдегі XX ғасыр басындағы саяси жағдайды тарихи тұрғыдан қарастыру.

Материалдар мен әдіс-тәсілдер. XX ғасырдың басындағы әлеуметтік қайшылықтардың Зайсан аймағына әсері және жергілікті жердегі ұлттық мүдде үшін алғашқы қарсылықтарына тоқталып, мәнін ашу. Зайсан қаласының әлеуметтік дамуының негізгі бағыттарын қарастыра отырып, қаланың экономикалық және әлеуметтік мәселелерінің өзара сабақтастығын көрсету. Қазан төңкерісінен кейінгі зерттеушілердің еңбектерінде де қаланың қоғамдық-саяси, даму үрдісіндегі мәселелер жайында мәселелер қозғалған. Қазақ даласындағы өндіріс салаларындағы жағдайға сипаттама бере келіп, бірқатар зерттеушілер Зайсан қаласының да өндіріс салаларындағы XX ғасыр басындағы ахуалға Г. Чуланов, Е. Дильмухамедов т. б. еңбектерінде тоқталған. Аталған еңбектерде қазақ даласының басқа аймақтарындағы өндіріс саласының барыстары сипатталған. Қазақстандағы XX ғ. басындағы отарлық саясатқа Зайсан аймағы тұрғындарының қарсы тұрулары жөніндегі мәселелерді Г. Тоғжановтың, С. Асфендияровтың еңбектеріндегі деректер құнды материалдар болып табылды. жарық көрген құнды еңбектердің бірі Ж.К. Касымбаевтың “Города Восточного Казахстана” атты еңбегі. Тарих-аманың үлесіндегі ғылыми зерттеу еңбектерінің құндылығы аймақ тарихының шындық келбетін келтіру.

Талқылау. Революцияға дейінгі қаланың экономикалық, әлеуметтік саяси дамуы дәйекті және кешенді түрде зерттелмеген. Мәдениет құрлысы бойынша жарық көрген жекелеген еңбектерді жүйелеумен сол кезеңдегі идеология шеңберінен шығарылуы нысанаға алынды. Қаланың XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезеңіне арналған осы қала тари-

хына қатысты жүйелі бірде-бір ғылыми жұмыстың болмағандығы қала тарихының саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуын зерттеу өзектілігін дәлелдеп отыр.

XX ғасырдың басындағы Ресейдің революциялық қозғалысы Қазақстанға да келіп жетті. Зайсан аймағы да саяси ояну кезеңінде біршама толқуларды басынан өткізді¹.

Атап айтқанда XX ғасыр басында Зайсан уезіндегі Степанов атындағы кенде жұмысшылар толқуы болды, Москвин атындағы кен орнында еңбек ақыны кешіктіргені үшін шеру өтті. Бұл бас көтерулерге қазақ тау-кен жұмысшылары да қатысты. Толқу бұрынғыға қарағанда біршама ұйымдасқан түрде өтті. Толқуды орыс шеберлері бастады. Зайсан уезінің басшысы әскери губернаторға жазған хатында Зайсан және Өскемен уездерінде кен жұмыстарымен айналысқанға 10 жылдай уақыт болды. Бұнда орыстармен қатар қазақтар да жұмыс істеген. (Национально-освободительное, 1937:147) Семей облысы, Зайсан уездік бастығының 1908 жылы 17 тамызда жоғарғы мәртебелі губернатор мырзаға жолдаған №1850 мәлімдемесінде Көкпектіге орыс-қазақ училищесінің меңгерушісі Отыншы Әлжановтың өлкедегі қандастарына зор беделді, әрі ықпалды тұлға екендігін айта келіп, оның “Орыстардың ағартушылық қызметінің зиянды жақтарын”, жат жұрттық келімсектердің байырғы тұрғын халықтың ата қонысына жасап отырған басқыншылық, қаскүнемдік әрекетін әшкерлеп, үгіт-насихат жұмысын жүргізу арқылы саяси белсенділігін арттырып, әкімшілік басқару жүйесіне қарсы қою пиғылдарын жекелеген адамдардың артынан түсірген шағымдары негізінде көз жеткізгенін баяндайды².

Толқулар Зайсан қаласының территориясында да болып жатты. Олардың қатарына жоғарыда аталған Михайловск кен орнында қазақ жұмысшыларының толқуын атап айтуға болады. 1902 жылы 19 маусым күні қозғалысқа қатысқан 39 жұмысшыны өздерінің арыздарын білдіру үшін Зайсанға жібереді. Ол арызда былай деп жазылады: “Жұмыс тәртібінің және жағдайдың қиындығын айта келіп, келісім шартта берілген нормалардың дұрыс орындалмауын әңгіме етеді және көтерілісшілердің айтуы бойынша қожайындары оларға берілетін 4 пұт тартылған ұн орнына 2 шәшке бидай және 1 шәшке бидай ұнын беретіндігін айтады. Келісімдегі екі айдың еңбек ақысының алдынала төлену жағдайы орындалмай екі айдың орнына бір айдың еңбек ақысы берілді. Олардың айтуынша кейде 5 аршын тереңдікте жұмыс істеуге тура келеді. Өндіріс иесі ауырған жұмысшыларды жұмыс істеуге мәжбүр етеді. Суда жұмыс істеген кезде резеңке аяқ киімдер кейбір жұмысшыларға ғана берілді³.

1902 жылы экономикалық жағдайдың төмендігі және төленетін еңбек ақының төмендігі өндіріс иелері мен жұмысшылар арасындағы толқуларға жол ашты. Кен орындағы жұмысшылардың көпшілігі жұмыстарын тастап кетеміз деп ұсыныс жасады.

Жұмысшылар алдын ала еңбек ақы төлеуді талап етті. Ереуіл барысында, ереуілде жұмысшылар өз талаптары орындалмаған жағдайда бұл кендерде жұмыс істеуден бас тартамыз деген ұсыныс жасайды. Ереуілді ұйымдастырушылар Менерхан Кемелев. Жергілікті басшылық ортақ басшы Менерхан Кемелевтен басқа барлығынан ұзақ қарсылық көрсеткен Зайсан уезі Базар болысының қазақтары – Қожахмет Торайғыров, Арғынғазы

¹ҚРОММ. 10 қ., 1 т. 1864-іс.

²ҚРОММ. 15 қ., 1 т., 88-іс

³ҚРОММ, 469 қ., 1 т., 635-іс

Анбатапов, Кададьбек Менерханов және осы уездің Құмкөл болысының ереуіл басшысы-Шалғынбай Мұхамедов.

Тарихтан белгілі орыс революциясы 1905 жылы 9 қаңтарда қарусыз жұмысшылар ереуілі болады. Патша үкіметі оларды қаруланған әскермен қырып салды. (Революция, 1957:11-17) Бұл әрекеттердің ұшқыны қазақ далаларын да шарпып өтті.

Зайсан қаласының тұрғындары 185, 188 баб бойынша өз жерлеріне, байланысты төлемдерін (земский повинность) өтеулері тиіс болған. Қалада көпір болған. Бұны жалдамалы жұмысшылар көтерген. Олардың араларында қазақ жұмысшылары да болды (Национально-освободительное, 1937:151). 1905-1907 жылы Ресейдегі жағдайға байланысты кәсіби одақтар Семейде, Қостанайда, Ақтөбеде т. б. қалаларда пайда болды. Шерулер мен толқуларды ұйымдастыруда мұндай одақтар үлкен орын атқарды. Революция барысында, революция кезінде жергілікті халықты басқаратын революциялық комитеттер басқарды (Субханбердина, 1980:4).

Қазақ халқы жылдар бойы аңсаған мемлекеттік егемендігіне қол жеткізгелі тәуелсіз ел ретінде ұлттық сананы қайтадан қалыптастырып, ұлттық тарихын іздей бастады.

Осы бір ұлтымыздың тәуелсіздігі жолында халқымыз бодандық бұғаудан босанып шығу үшін азаттық күрес жүргізгені тарихтан белгілі. Сондай азаттық күрестердің бірі 1916 жылғы ұлт-азаттық күресі. Тарихи зерттеулерде ұлт-азаттық көтеріліс тарихы күні кешеге дейін прогрессивті немесе реакциялық сипатта біржақты бағаланып келді.

Әсіресе кеңестік кезеңде тарихшыларымыз ұлт-азаттық көтерілістің сипатын, өзіндік ерекшелігін объективті тұрғыдан бағалауы қиынға түсті. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс, ауқымы жағынан бүкіл Қазақстан территориясын ғана қамтыған күрес емес, сондай-ақ ол халқымыздың санасының өскендігін көрсететін, отарлық үстемдікті жоюдағы, азаттық үшін болған күрес болатын.

Уақытша ережеде: “Көшпелі қазақтардың жері мемлекеттік деп табылып, ол жерлер қазақтардың пайдалануына ғана беріледі”, – деп көрсетілді.

1896-1902 жылдары Щербина бастаған, 1906-1910 жылдары статистикалық Кузнецовтар бастаған экспедициялар жергілікті халықтың пайдалануындағы “артық” жерді анықтап, қоныстандыру қорын құруға кірісті. Экспедиция барысында анықталған жерлер қоныстандыру қорына алынып, ол жерлер қоныстандыру басқармасының құзырына өтті. Қайтпас қайсарлық, ел үшін отқа да, суға да тұзу зайсандықтардың қанында бар қасиет. Сонау 1912 жылы Әбзәни сол қайтпастық, ақырына дейін тұру үнемі жалғасуда. Озбырлықты, екіжүзділікті кезінде “Дала уәләты газетіне”, “Айқап” журналдарына жазып әйгілеген (Субханбердина, 1980:4).

Семей облысының уездерінің келіп түскен хабарламалардың 80 пайызында жалдамалы жұмыс күшіне деген зәруліктің болғандығын көреміз. Әсіресе отбасылары соғысқа алынған орыс деревняларында жұмыс қолы ретінде қазақтарға деген сұраныстың өскендігін, келіп түскен хабарламалардың 86 пайызы атап көрсетті.

Сұраныстың басым көпшілігі егін шаруашылығы дамыған аудандарынан еді. Семей уезінен келген хабарламаның 74 пайызы, Зайсан уезінен келген хабарламаның 68 пайызы осыны көрсетті. Сұраныстың мұндай жоғарылығы бұл уездердің базарға жақындығы, темір жолға, қалалар мен орыс поселкелеріне жақын орналасуынан да еді. Жұмыс қолына деген қажеттілік, әсіресе маусымдық жұмыстар кезінде қатты байқалды. Келіп түскен хабарла-

ның 73 пайызы астық жинау кезінде еңбек қолына мұқтаждығын, ал 44 пайызы шөп жинауға қажетті жұмыс қолына зәрулігін атап көрсетеді⁴.

Семей облысында ауыл шаруашылығы және үй жұмыстарын негізінен қазақтардың атқарғандығын көреміз. Ал, Зайсан уезінен келіп түскен хабарламаның барлығы да жалданушы жұмысшылардың тек қазақтар екенін атап өтсе, Қарқаралы уезінің 2 шаруалар учаскесі мен Семей уезінің 3 шаруалар учаскелерінде жалданған жұмыс күшін тек қазақтар ғана құраған⁵.

Соғыс жылдары Патша өкіметі соғыс қажеті үшін қазақтардан соғысқа қажетті материалдық қажеттіліктерге дейін алған. Мысалы, Өскемен уезіндегі Айыртау, Ұлан болысының қазақтары-2000 сом жіберген, болыстары-2000 сом, Сұлусары, Шар, Колбин, Қарабұжыр болыстары 3500 сом аударса, Зайсан уезінің Черно-Иртыш, Қалжыр, Майтерек болыстары-1800 сом жіберді⁶.

1916 жылы маусым айында патша жарлығы дүниеге келеді. Патша жарлығына қарсылық толқыны бүкіл қазақ даласының әр жерінде-ақ болған. Соның бірі-күні бүгінге дейін өзінің тарихи орнын ала алмай келе жатқан бұрынғы Зайсан оязына қарасты осы күнгі Ақсуат, Көкпекті, Тарбағатай аудандары қазақтарының Мүрсәлім Бектенұлы бастаған қозғалысы⁷.

Қазіргі Тарбағатай, Ақсуат, Көкпекті аудандары жөніндегі он екі болыстың атқамінерлерін 1916 жылы мамыр айының аяғында Көкпектіге шұғыл шақырады. Ол кезде Көкпекті Зайсан уезіне бағынышты өзінше бір әкімшілік орталық болған.

Көкпектідегі қыр қазақтары басқармасы ауласына жиналған болыстардың бәрімен Мүрсәлім оңаша сөйлесіп, естуі бойынша патшаның жарлығы бар екенін айтып: “Біз алғаш бодан (подданство деген сөзден алынған) болғанда шарт бойынша қазақтан соғысқа адам алынбасын деп келіскен едік”, – дейді. (Козыбаев, 1996)

Мүрсәлімнің бұл айтқанын болыстар түгел құптайды. Крестьян начальнигі мен становой пристав бастаған патша чиновниктері барлық болыстар мен атқамінерлерді тізіп қойып, 19-31 арасындағы жастарды майданға окоп қазуға алу туралы жарлықты жарияланған соң барлық болыстар бұған келіспейтінін білдіріп, Мүрсәлім айтқан бодандық шартты тілге, тиек етеді.

Күтпеген жағдайда тап болған ұлықтар қаһарға мініп, бір топ солдат әкеледі де, әрбір болысқа қаратып, бір-бір мылтықты күзетіп тұрып сұрағанда, Мүрсәлімнен басқа ел беделділері еріксіз көнеген Ер жүрек, өжет Мүрсәлім: “Атсаң ата бер, мен халықпен ақылдаспай, ешнәрсе айтпаймын”, – деп міз бақпайды ұлықтар бүкіл 12 болыс елге ықпалы бар, ержүрек, өжет, шешен, әрі суырып салма ақын Мүрсәлімге тиіссек, елді бүлдіріп аламыз, қолдағы аз ғана отрядпен оны басуға шамамыз келмейді деп есептейді ме, әлде басқа бір ойы болды ма, әйтеуір Мүрсәлімді қоя береді.

Неше болыс мұрын, қыржы елі Қалбада жайлауда болатын. “Алаштап”, “Боранбайлап” ұран сап, Мүрсәлім сол күні Қалбадағы елге жетеді де, мүмкіндігінше жасақ жинап, бірен-саран мылтыққа қоса найза, шоқпар дайындатуға жедел кіріседі. Әрбір болыс елге осылай әрекет жасауға шақырып, шапқыншылар жібереді.

Табан тіреп қарсыласуға қару-жарақтың тапшылығын ойлаған Мүрсәлім ең алғашқы шара-әкімшілік орталықтан Көкпектіден алыс Қытаймен шекараға қарай жедел көшу деп шешеді.

⁴ Сельскохозяйственный обзор Семипалатинской области за 1915 год. – Омск, 1917. 35 с

⁵ Сельскохозяйственный обзор Акмолинской области за 1915 г. – Омск, 1917. 42 с.

⁶ Сельскохозяйственный обзор Семипалатинской области за 1915 год Омск, 1917. 101 с

⁷ ҚРОММ. 469 қ., 1 т., 9474-іс

1916 жылы шілде айының бас кезі болатын, шілденің бас кезінде Зайсан уезі қазақтарының да көтерілісі басталды. Уездің болыстары негізінен шекараға таяу орналасқандықтан жарлық шығысымен-ата қоныстарын тастап, табын-табын малдарын айдап көше бастады. Ең бірінші болып Терісайрық болысының қазақтары өтті. Шілденің 12-де Шәуешек консулының Өскемен уездік бастығына жіберген жеделхатында қазақтар өздерінің үдіре көшу себебін “тыл жұмысына алу қаупінен туғанын ашық айтты” (Козыбаев, 1996).

Кендірлік – Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданындағы ауыл. Аудан орталығы Зайсан қаласының шығысында 32 км, Сауыр жотасының етегінде орналасқан. 1870 жылы казактардың поселкесі ретінде іргесі қаланды. Әуелі Волчанка, 1910 жылдан Кендірлік аталды. Ауызы дуалы бір қазақтың “Кендірлік” деп өзенге берген атауы оның жағасына бері келе орыстар салған поселкеге де жараған. Әкімшілік бөлік те сол атауды жөн көрген. Кен орыны да соған қарасты аталған. Айтылуы оңай, құлаққа жылы естілген лирикалы сөз болғандықтан бір емес, бірнеше атау болып кетсе керек. Патша өкіметінің өткен ғасырдың екінші жартысында қазақ елін басқару, жерін мемлекеттік мүлік министрлігінің қарауына беру, яғни қазақты жер-сусыз қалдырып, ырыздық қайнарын мемлекет меншігіне алу жөніндегі реформаларынан кейін бұл маңда да бір әкімшілік бөлік құрылып, ол Кендірлік болысы деп аталған. Семей облыстық басқармасының 1912 жылғы 25 ақпанындағы мәжілісінде баяндалып, талқыланған деректерге қарағанда осы болыста 1800 түтін болған. Жан саны да жазылған-он мың. Ірілі-уағын қоса есептегенде сол жылы болыста 40 мың мал болған⁸.

Осы Кендірлік болысындағы жер дауы облыс, губерния басшыларының басын қатырған елеулі оқиғалардың бірі болған. Зайсан уақытша комиссиясы Кендірлік қазақтарының 202600 десятин жерін орыс казактары мен шаруаларына алып береді. Бұған келіспеген қазақтар дау шығарады. Олардың сенімді өкілі Далалық генерал-губернаторға арыз жазады. 1912 жылы 25 ақпанда Семей облыстық басқармасында осы арыз қаралады. Губернатор А.Н. Тройницкий, вице-губернатор З.А. Савримович, округтік соттың төрағасы О.Н. Станкевич, прокурор М.Н. Кривицкий, қоныс аудару ісін басқарушысы В.К. Зайковский осы жердің жер дауын қарастырды. Қазақтардың орманды, сулы, шұрайлы жерін орыстарға тартып алып беруді қарағансыған орыс төрелер қай бір заңды шешім шығарсын. Кендірлік қазақтарының шағымы қанағаттандырылмаған⁹.

1912 жылғы 25 ақпанда Семей облыстық басқармасының басшылары “Общее присутствие” деп аталатын кезекті мәжілісінде бас қосты. Мәжілістің күн тәртібі, қатынасқан лауазымды адамдардың аты-жөні журналға жазылып қойылды. Бастылары губернатор А.Н. Тройницкий, вице-губернатор З.А. Савримович, басқарманың тұрақты мүшесі Д.Т. Сайлотович” округтік соттың төрағасы О.К. Станкевич, округтік соттың прокуроры М.Н. Кривицкий және қоныс аудару ісін басқарушы В.К. Зайковский.

Кендірлік болысының жерінің кеңдігіне қояр кінә жоқ. Асуы қиын асқар таулар да, шөбі сирек, суы тапшы құмдар да, орман, тоғайлы, көкорай шалғынды құтты қоныстық алқаптар да, күркірей аққан өзендер мен сылдыраған бұлақтар да, шалқыған көлдер де баршылық. Осы жерді ерінбей өлшеген Зайсан уақытша комиссиясы Кендірлік қазақтарының 202600 десятина артық жері бар деп тапқан да, қаулы шығарып бекітіп тастаған. “Артық” дегені қазаққа керексіз дегені ғой. Сол артылып қалған жер әуелі

⁸ ҚРОММ. 64 қ., 1 т., 1303-іс

⁹ ҚРОММ. 469 қ., 1 т., 11-іс

казактарға, сонансоң қоныс аударушы қара шекпендерге берілген. Әбзанидың жазғанына қарағанда Кендірлік қазақтарының жері шамамен алғанда үшке бөлінеді. Сол үш бөліктің екеуі таулы да, қалған бір бөлігі орманды, далалы алқап. Таулы екі бөліктің бірі тым биікте, қия жартасты болып келеді. Көшіп-қону да қиын. Мал жаюға да жарамайды. Мұның азғантай бір бөлегін бір жарым ай шамасы ғана жайлауға болады. Жаздың ыстығында бұл жерде қоңыр салқын. Оның есесіне тамыз айының басында-ақ күн суытып, қар түсе бастайды. Шаруалар малын айдап ойға құлайды.

Болыс жерінің үштен екісін алып жатқан таулы аймақтың екінші бөлігіне бұл жердің қазақтары қыстау салған. Өйткені малға сусын, адамға ауыз су болатын өзен, көлдері, бұлақтары бір мың сегіз жүз үйлі Кендірлік болысы қазақтарының сенімді өкілі болған.

Мәселе-сұрақтардың қабырғасынан қойылғаны, тайға таңба басқандай анық та түсініктілігі дау туғызбаса керек. Жауап та соншалықты анық, нақпа-нақ, әділ болса құба-құп қой. Үш пункттен құралған сұрақтарға “Общее присутствие” тура жауап қайтармай “Таврический поселкесінің маңында су тапшы. Крестьяндарға жеткілікті мөлшерде ауыз су, малына суат және шабындық керек, болғандықтан”, “Кендірлік болысында қазақтар пайдаланып жүрген басы артық жер жетерлік” деп сыдыртып өте шыққан да орманды саяжайға алынған жер, бұзылатын қыстаулар үшін “сыйлық” төленбегенін атап көрсете келіп: “Саяжай шекарасының ішінде кеткен 440 қыстаудың иесі қысқы қонысы басқа жерге көшірілгені үшін берілетін сыйлықты әлі күнге дейін алмаған көрінеді. Бұл материал Омбы мемлекеттік мүлік басқармасына жіберілуге жатады. Арызданушы сонда барып құрылыстарды көшіргені үшін тиісті ақшаны төлеуді талап етсін” делінген¹⁰.

Әбзанидың Омбыдағы генерал-губернатордың атына жазған арызы қайта оралып келіп Семейде қаралып еді. Облыстық басқарманың жол көрсетіп, жұмсауы бойынша сол Омбыға қайта барып, жері алынып, қыстаулары бұзылатын болғаны, оған тиісті “сыйлық” әлі төленбегені, қыстаудың маңайына мал жайғаны үшін заңсыз салық салынғаны хақында арыздану керек болды. Қазаққа опа бермеген Омбы тағы қайда жіберер екен?

“Общее присутствие” қаулы да қабылдады. Оның бірінші пунктінде арыз иесінің Таврический селосына кесілген жерді қайтаруды сұраған талабы туралы айта келіп: Қазақша мағынасы “жауабы шешімсіз қалдырылсын” деп келтірген.

Белгілі: қайда барсаң онда бар. Арықтарыңды таста да белгілеп берген жерлерге қоныс теп дегені ғой бұл.

Үшінші пунктте де осылай: “За перенос на другое место построек” иелеріне “сыйлық” беру Омбы мемлекеттік мүлік басқармасынан сұралсын делінді.

Ең бастысы Әбзанидың “1800 үйлі бір болыс елдің егіндік жерсіз, ең кемі қырық мыңдай малына жайылымдық жерсіз, егінді және малды суаратын сусыз өмір сүріп, тіршілік етуі мүмкін бе?” деген сұрағы жауапсыз қалды.

Отаршыл патша өкіметінің Қазақстанда тындырған басты шаруаларының бастысы-қазақтардың пайдалануындағы жері өзге қолында қала берді.

Қазақ даласында, Орта Азия мен Сібірде қанша «артық» жер бар екендігі анықталғаннан кейін Ішкі Ресей губернияларынан шаруаларды, жер иеленуші мешандарды солай қарай көшіруді жеделдету ісі қолға алынды. Бұрын Ішкі істер министрлігінің қарауында жұмыс істеп келген Қоныс аудару бөлімі негізінде, 1904 жылдың көктемінде дербес Қоныс аудару және жерге

¹⁰ ҚРОММ. 469 қ., 1 т., 11-іс

орналастыру жөніндегі Бас басқарма құрылды. Үкімет сол жылғы 6 маусымда “Село тоғышарлары мен жер иеленуші мещандардың өз ықтиярымен қоныс аударуы туралы” арнайы заң қабылдап, жаңа Бас басқарманың міндеттерін белгілеп берді. Осы заң бойынша оның жергілікті жерде тиісті облыстық, үйездік мекемелері құрылды. Қазақ жерінің “артығын” анықтау алысты мезгейтін үлкен жұмыстың бастамасы ғана еді. Лек-легімен “жаңа жерлерге” ағыла бастаған орыс шаруалары мен мещандардың қай тобын қай жерге қоныстандыру керек? Ол жердің табиғат-климат жағдайлары қандай? Еркек кіндіктерге шаққанда неше үлестік жер бар? Осылардың бәрін анықтап, болашақ поселкенің орнын белгілейтін шағын іздеуші-зерттеуші партиялар құрылды. Бұлардың барлық шығыны мемлекет қазынасынан жұмсалғаны айтпасақ та түсінікті. Қоныс аударушылардың да жол шығынын мемлекет өз мойнына алды. Мұның сыртында әрбір семьяға 50-100, кейде одан да көп мөлшерде бір жолғы жәрдем беріліп отырды. Жаңа жерге барған соң жаңа үй, жаңа қора-жай салмай тағы болмайды. Жерді жырттып, тырмалау, егінді орып, бастыру, шөпті шауып, жинау үшін қаншама құрал-сайман керек. Айшылық алыстан арып-ашып зорға жеткен орыс шаруалары солардың бәрін жаңадан жинап, құрастыруы тиіс¹¹. Тегін дүние жоқ. Бәрі де сатулы. Қоныс аударушылардың ілуде біреуі болмаса көпшілігінің қалтасы тесік. Олардың жаңа барған жеріне тамырын терең тартып, орнығып, шаруашылығын жөнге салып алуы үшін шын мағынасында жақын арада нанмен қамтамасыз етілсін деді. Басқа сөзбен айтқанда қанаушылыққа саясатқа қарсылық көрсету.

1916 жылғы маусым жарлығы жайлауға көшейін деп жатқан елді бей-жай қалдыра алмады. Ел бірауыздан майданға қара жұмысқа адам беруден бас тартты. Саржомарт Күркебай батыр “Қабанбай, аттан”-деп ұрандап, “Қатын патшаның қазақтан адам алмаймыз дегені қайда?”-деп, Зайсанның көшесін тасырлата шауып өткені есімізде қалыпты деп жазады зайсандық чекист Құсайын Мазақов (Қазақтың қатын патша деп отырғаны Анна Ивановна болу керек. О.Р.) Ояз бастығы Н.М. Кубитский мен пристав М. Головин де қарап жатпай, елге жансыздар жіберіп хабар алып тұрды. Осы кезде Қытайға көшкен Өкпеті, Нарын, Хабар асу елі қуып барған 300 казак орыс отрядымен айқасып, екі жақтан да шығын болған. Мүрсәлім болыстың еліне ие бола алмай өзінің Қытайға қашқаны, ол үшін баласы Заманбектің тұтқынға алынғаны естіліп жатты. Сарысүмбеге бет алған (Қытай қаласы) Күркебай батыр, өздерін қуып барған 80 солдаттың алдынан жылқы айдап шығып, қалың жылқының ішінде асып-сасып қалған солдаттардың бетін қайтарып, қаруларын алып, бірін қалдырмай қырып салғаны Семей губернаторының төбесіне жай түскендей етті. Ұзақ жылдар бойы қазаққа ойына келгенін істеген казак-орыстардың енді бірлі-жарымы шығып қазақ ауылдарын тонауы тиылды. Қалжыр елінің сарбаздары Бұтабай болыстың ішін жарып өлтірді. Маңырақ болысының жігіттері Үйдене өзенінің сағасындағы қыстауға жиналып, ішінде болған Интин Хасен, Нығанбаев Нұрғали, Сәрсенбек Хайдар. “Егер бізді алуға солдат шықса, алдымен Ахметжан қажы мен Мәмбет болыстың өз ауылын шауып, келген солдаттарға қарсы тұруымыз керек” деп сөз байласты. Ел тасқынын басу үшін болыстар Зайсан қаласына жиналды. “Елге ие болатын түріміз жоқ, жайлаудан түсіп қыстауларына жиналғанша жігіт алуды тоқтата тұру керек” деп оязға ұсыныс жасады. Болыстардың бұл тілегін ояз қабылдады да, губернатордан сұрады, сонымен жігіт алуды қыркүйектің 15-іне қалдырды¹².

Жігіт алу мерзімінен кейінге қалуы туралы қаулыны билер мен болыстар

¹¹ ҚРОММ. 469 қ., 1 т., 11-іс

¹² ҚРОММ. 469 қ., 1 т., 11-іс

пайдаланып ұйымдасқан елдің арасына ірткі салуға кірісті. Қарабай, Көкіби дегендер ел арасына келді.

Басшылардың сұрауымен патша ағзам жеңілдік беріп жігіт алмайтын болыпты, – деген лақап таратты. Қаладан Әкімжан Байсалов, Арғынғазы Өтешев (кейіннен екеуі де алашорда партиясының мүшесі болады), Айдын деген байдың үйіне келіп, елді жинап алады да, “Азбаңдар, тозбаңдар” мекендеріңе қайтыңдар, сендер үшін барлық беделімізді салып, патша ағзамнан жеңілдік алдық деп, ұйымдасқан жігіттерді таратып, жайлаудағы қыстауға түсіреді.

Ел жайлаудан түскен соң, қыркүйектің бас кезінде жігіт алу жарлығы қайта шықты. Оның үстіне Қаратон, Көкжыра, Боран, Алексеевкідегі орыстар 1914 жылғы соғысқа кеткен жесір әйелдердің егінін оруға кісі жинады. Осы кезде араны ашылған саудагерлер нәрсенің бағасын қымбаттатып жіберді. Ел керегін таба алмады, қайтадан қобалжу басталды. Ел ат семіртіп, азық-түлік жинап тағы да көшуге бет алды. Біраз ауылдар шекараны казак-орыс отрядтарының күзетіп тұрғанына қарамастан, атыла, асыла отырып, Қытайға көшіп кетеді. Қазан айында Зайсан қаласында күйеулері 1-ші дүние жүзілік соғысқа кеткен және қалаға жан-жақтан керек-жарақ алуға келген әйелдер жиналып митингі өткізіп, соғысқа наразылықтарын білдіреді. Митингі стихиялы толқуларға ұласып, жиналғандар Дәулеткелдиев, Семенов деген көпестердің дүкендерін тонайды (Қали, 1996).

Жергілікті гарнизонның отряды келіп оқ атады, сонда орта Ертіс болысы 11-ауылдағы Сәре деген жесір әйелдің 17-жасар Хасен деген баласы оққа ұшады. Қан төгіліп, ұрылып-соғылған аттың аяғына жаншылап тапталған әйелдер әрең дегенде тарайды. Қараша айында жесір әйелдер тағы ұйымдасып, Зайсанға келеді. Ерзин, Бабаев, Бобкин, Бекчентаев дүкендері тоналады. Бұларға қарсы жіберілген солдаттар оқ атады. Зайсан қаласының тұрғыны Прасковья деген әйел өліп Сарытерек селосына келген 16-жасар Балғын деген қыз халық арасында “жексұрын” жирен сақал атанған пристав М.Головиннің бетіне түкіріп, қылышталып, ауыр жараланады. Көтеріліс мұнымен тынбай желтоқсан айында тағы да дүкендер тонауға түсіп, Зайсанның базарындағы лавкалар түгелге жуық өртеледі. Сөйтіп, үш айға созылған әйелдер толқулары Алтайдың қақаған аязына әрең тоқтайды. Бұл оқиғаны Зайсанның көнекөз орыстары “бабий бунт”, қазақтар “қатындар көтерілісі”-деп атап кеткен. Сол оқиға жайында Жағыпар Күдербаев деген кісі 1916 жылғы Зайсандағы дүрбелең бүкіл қазақ жерін шарпыған ұлы оттың бір ошағы, зерттеуге тұрарлық үлкен оқиғалардың бірі Аудан шежіресіне қайта оралсақ, XX ғасырдың бас кезінде оған қорғасынды қара бұлт талай үйірілді. 1914 жылы бірінші дүние жүзілік соғыс шарпуы Зайсанға да аз тимеді. 1916 жылы соғысқа қара жұмысқа қазақтардан Зайсан өңірінен 10376 адам алынуы жоспарланыпты, орыс патшасының маусым жарлығы бүкіл елді дүрліктіріп, көтерілістер етек алған. Ел адамдары патшаның 19-31 жас аралығындағы бұратаналарды майдан шебіндегі қара жұмысқа алу жөніндегі жарлығын орындаудан бас тартты. Зайсан жағынан небары 4 адам ғана алынған (Ж.Сәрсеновтің деректерінен). Әбден ашынған халық Қытайға үдере көшеді. Сол Ағжан деген әйелдің мына бір өлеңі ел ішіне тараған, көшкен елдің біразы Қытай өтіп кетеді, ал көпшілігін шекарада тосып алған патша әскерлері, казактар аяусыз жазалап, өз мекендеріне қайтарған. Патша заманында билік басындағылар ел мүддесін ойламаған, өз қамы, мәнсабы үшін жоғарының жарлығы мүлтіксіз орындауға тырысқан. Ағжан ақын да мұны дөп басқан. Сол жылы қазан айында Зайсан қаласында Мария Шаповалова, Марфа Суханова

бастаған жесір әйелдер көтерілісі бұрқ ете түседі. Қара Ертіс болысындағы 2-ші ауылда қақтығыста Шәпе деген әйелдің 20 жасар ұлы Қасен, бір ақсақал оққа ұшады. 1917 жылы желтоқсанда Зайсан қаласы өртенеді. Мүдәріс Файзуллиннің сауда дүкенінде дау-жанжалы қанды қақтығысқа ұласады (Қали, 1996).

Патшалық Ресейдің ішкі жағында өрістеген большевиктік қозғалыс, партиялардың күресі Зайсан жеріне жетіп, шарпыған. Бұл жақтағылар да қарап жатпаған. Өйткені Зайсанды патша өкіметі төңкерісші, күрескерлерді жер аудартып мекенге айналдырған. Ондағы ойлары – “бұл меңіреу өлкеге барса ойлары ортайып, көңілдері кемиді. Ит арқасы қиянда жүрсе күресу дегенді ұмытар, тағдыр тауқыметін тартып, тамағын асыраудан аса алмас” деу еді. Сөйтіп Зайсанға Николай Ватсон, Николай Коншин, Христиан Томашевский, Виктория Августинович, Александр Худыковский тәрізді қайсар күрескерлер айдалып тасталған.

Нәтижесі. Зайсан сонымен XX ғасырдағы реакция және революция жылдарында өзінің қалалық әкімшілік міндетін атқара отырып сан қилы оқиғаларды басынан өткізді. Зайсанның қайшылықтарға толы XX ғасырдың басындағы оқиғалардан қала да сырт қалған жоқ. Қала мен Зайсан аймағы бұл кезеңнің қилы тағдырын басынан кешіре отырып, сауда және мәдени орталық ретіндегі өз ролін жалғастырды.

Қорытынды. Өлкеде XX ғ. басында қазақ елінің басқа аймақтарындағы сияқты саяси-әлеуметтік қайшылықтарды басынан өткізді. XXғ. басында кен орындарында жұмысшылар шерулері мен толқулары болды. 1916 жылғы оқиғаға байланысты Мүрсәлім бастаған және “солдаттар бүлігі” деген толқулар аймақты қамтыған. Онымен қатар өлкедегі жер дауы да шешімін таппаған мәселенің біріне айналды. Халық өкілі Әбзанидің Кендірлік жер дауын шешу туралы тартыстары патша үкіметінің отарлық, бодандық саясатына қарсылықтың бір көрнісі.

– Қытай мен іргелес өңірде сауда-экономикалық жағынан шекаралық ауданда орналасқан Солтүстік Шығыс Қазақстандағы таптық тартыстың, 1916 жылғы көтерілістің басты басты ошақтарының бірі болғандығы ақиқат.

– 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезіндегі халықты қару күшімен басу әрекеті Зайсан қазақтарының кейбіреуінің Қытайға ауа көшуіне алып келді.

Әдебиеттер тізімі/Список литературы

1. Национально-освободительное восстание казахских трудящихся против царизма в 1916 г. /Сбор. материалов. – Алма-Ата, 1937. 293 с.
2. Революция 1905-1907 гг. в Казахстане /Собрание документов под. ред. Б.С. Сүлейменова. – Алма-Ата: Изд. Акад. наук. КазССР. 1958. 28 с.
3. Субханбердина, 1998 – Субханбердина Ү. Дала уалаятының газеті, 5-кітап. – Алматы: Ғылым, 1998. 480 п.
4. Жұртпай, 1996 – Жұртпай Т. Жұртым деп соққан жүрегі // Қазақ тарихы, 1996, №10.
5. Козыбаев, 1996 – Козыбаев М. 1916 жылғы көтеріліс ақиқаты// Қазақ тарихы 1996, № 3.
6. Қали, – Қали Н. Даладағы дабыл//Ана тілі 1996, №12, 12 ақпан.

References

- Nacional'no, 1937 – Nacional'no-osvoboditel'noe vosstanie kazahskih trudyashchihsya protiv carizma v 1916 g. /Sbor. materialov. – Alma-Ata, 1937. 293 s. [in Rus].
- Revolyuciya, 1958 – Revolyciya 1905-1907 gg. v Kazahstane /Sobranie dokumentov pod. red. B.S. Sylejmenova. – Alma-Ata: Izd. Akad. nauk. KazSSR. 1958. 28 s. (11-17). [(in Rus)].
- Cubhanberdina, 1998 – Cubhanberdina Y. Dala ualayatyнуң gazeti, 5-kitap. Almaty: Fylym, 1998. 480 p. [in Kaz.]
- Hyrtпaj, 1996 – Hyrtпaj T. Zhұrtym dep sokkan zhyregi // Kazak tarihy, 1996, №10. [in Kaz.]
- Kozybaev, 1996 – Kozybaev M. 1916 zhylyfь koterilis akikaty// Kazak tarihy 1996, № 3. [in Kaz.]
- Қали, 1996 – Қали Н. Даладағы дабыл//Ана тілі 1996, №12, 12 ақпан. [in Kaz.]